

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 15 қарашадағы № 174 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының "Кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 15 қарашадағы
№ 174 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне енгізілетін өзгерістер

1. Тауарларды өткізу ерекшеліктерінің сыныптауышында (2-қосымша) 066 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"067

Пайдаланылған (пайдаланылған) өнімдер (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 130 шешіміне сәйкес)".

2. Құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышында (8-қосымша):

а) 1-бөлімде:

01410 коды бар позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"01410

Еуразиялық экономикалық одақтың (Кеден одағының) тиісті техникалық регламентінде көзделген сәйкестікті бағалау жөніндегі органмен (өнімді сертификаттау жөніндегі органмен немесе сынақ зертханасымен (орталығымен) жасалған шарт немесе осындай сәйкестікті бағалау жөніндегі органның (өнімді сертификаттау жөніндегі органның немесе сынақ зертханасының (орталығының) зерттеулер (сынақтар) жүргізу үшін қажет екенін растайтын және өлшеулер әкелінген өнім үлгілерінің (сынамаларының) саны";

01416 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"01417	Зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар), өлшем құралдарын тексеру немесе калибрлеу, эталондарды салыстыру туралы шарт
01418	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарына және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің, өзге де ұйымдар немесе олардың өкілдіктері арасындағы халықаралық шарттарға сәйкес артықшылықтарды және (немесе) иммунитеттерді пайдаланатын дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдар жанындағы мемлекеттер өкілдіктерінің, халықаралық ұйымдардың немесе олардың өкілдіктерінің ғана Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында орналасқан әкелінетін (әкелінген) тауарларды тұтынуы (пайдалануы) туралы дәлелді өтініш
01419	Әкелінетін тауарлардың табиғи зілзалалардың, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға арналғандығы туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының растауы
01420	Құралдар мен тауарлардың (Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы үшін) гуманитарлық көмекке (жәрдемдесуге) тиесілігін растау туралы шешім";

б) 3-бөлімде 03021 және 03022 кодтары бар позициялар алып тасталсын;

в) 4-бөлім 04025 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"04026	Экспорттың шот-фактурасы (Армения Республикасы үшін)
04027	Қадағалауға жататын тауарларды өткізуге арналған жүккүжат (Армения Республикасы үшін);

г) 7-бөлім 07017 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"07018	Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу";
--------	--

д) 9-бөлім 09041 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"09042	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында тасымалданатын тауарлар туралы мәліметтерді ұсынудың статистикалық нысаны (Армения Республикасы үшін)
--------	--

е) 10-бөлім 10026 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"10027

Нысанасы сатып алынған тауарлар болып табылатын әкімшілік кедендік құқық бұзушылық бойынша әкімшілік процестің басталғаны туралы және нысанасы осы тауарлар болып табылатын әкімшілік кедендік құқық бұзушылық жасаған адамның анықталмағаны туралы хабарлама (Беларусь Республикасы үшін);

ж) 12-бөлім 12012 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"12013

Кедендік бақылау нәтижелері бойынша шешім: тауарларды кедендік шекара арқылы заңсыз өткізілген деп тану туралы шешім; тауарды (тауарларды) кедендік шекара арқылы заңсыз өткізетін тұлғамен ынтымақтаса отырып, тауарды (тауарларды) заңсыз өткізуге қатысатын адамды кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет деп тану туралы шешім; кедендік шекара арқылы тауарды (тауарларды) заңсыз өткізетін тұлғамен ынтымақтаса отырып, заңсыз әкелінген тауарды меншікке немесе иеленуге сатып алған адамды кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет (Ресей Федерациясы үшін) деп тану туралы шешім";

з) мынадай мазмұндағы 14-бөліммен толықтырылсын:

"14. Зияткерлік меншік саласында пайдаланылатын құжаттар

14010

Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды белгілейтін құжаттар, оның ішінде зияткерлік меншік объектісін тіркеу туралы куәлік, зияткерлік меншік объектісін құқықтық қорғаудың болуы туралы құжаттар, зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықты беру, беру, иеліктен шығару туралы шарт

14020

Зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқығын растайтын құжаттар (зияткерлік меншік объектісін пайдалану құқығын беру туралы лицензиялық, (сублицензиялық) шарт, коммерциялық концессия (франчайзинг) шарты, коммерциялық субконцессия (кешенді сублицензия, кешенді кәсіпкерлік қосымша лицензия) шарты

14030

14020-позицияда аталғандарды қоспағанда, Зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында азаматтық айналымға енгізуге құқық иеленушінің келісімін, оның ішінде дилерлік,

дистрибьюторлық шартты, жазбаша келісімді
растайтын құжаттар".

3. Валюталар сыныптауышы (23-қосымша) 694 коды бар позициядан кейін мынадай
мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"925

SLE

Леоне".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК